

СӨЖ №2.

Тақырып: Ертегілер.

Мақсаты: Ертегілер туралы мәлімет алу.

Негізгі сұрақтар:

1. Ертегілік проза
2. Ертегілердің жиналуы мен зерттелуі.
3. Ертегілердің жанрлық ерекшелігі, халықтық сипаты.
4. Ертегілердің классификациясы және жанрлық түрлері.
5. Хайуанаттар жайындағы ертегілер.
6. Қиял-ғажайып ертегілер.
7. Батырлық ертегілер.
8. Новеллалық ертегілер.
9. Сатиралық ертегілер

Тапсырма: Халық прозасы туралы түсінік. Ертегілердің өзіндік ерекшеліктері. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің пайда болу жолдары. Сюжеті мен тақырыбына қарай хайуанаттар ертегілерін этиологиялық «Үркер», «Хайуанаттар жыл басына таласуы», «Қоянның құйрығы неге қысқа, түлкінің құйрығы неге ұзын» т.б. Қиял ғажайып ертегілердің жанрлық ерекшеліктері. «Адам білмес тас», «Сиқырлы құс», «Күн астында күнекей қыз». Фантастикалық және мифтік кейіпкерлер. Тақырыптық құрамының алуан түрлі болуы. Сюжеттердің халықаралық сипаты.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді тереңдетіп талдау жасау үшін тақырып бойынша теориялық материалдарды жинақтап, салыстыру арқылы талдау жасау. Берілген теориялық материалдарды әр қырынан алып қарастырып, арнайы талдап, танып-білу.

Ашық типтегі тапсырмалардың екі түрі бар - толықтыру тапсырмалары және еркін баяндау тапсырмалары. Олардың айрықша ерекшелігі - оларды аяқтау үшін студенттің өзі бір немесе бірнеше сөзді (сандар, әріптер, мүмкін сөз тіркестері немесе тіпті сөйлемдер) жазып алуы керек. Тапсырманың бұл түрінде алаңдататын құралдар мен дұрыс жауаптардың нұсқалары жоқ. Американдық сынақ әдебиетіндегі дистрактор - бұл дұрыс емес, бірақ ақылға қонымды жауап, ағылшын тіліндегі «to distract» - алаңдату.

Есеп беру түрі: Ашық тест

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: 8 апта

Жоғарғы ұпай - 4